

"Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке қоюға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 209 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 26 қарашадағы № 657 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке қоюға қажетті құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы № 209 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7741 тіркелген, 2012 жылы 1 тамызда «Егемен Қазақстан» газетінде № 442-449 (27523) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (А. Мәкенова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ж о л д а у д ы ;

2) «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі Е.Н. Иманғалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

А. Сәрінжіпов